



Студенттер мен жас ғалымдардың  
**«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»**  
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ**

XIII Международная научная конференция  
студентов и молодых ученых  
**«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»**

The XIII International Scientific Conference  
for Students and Young Scientists  
**«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»**



12<sup>th</sup> April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың  
«Ғылым және білім - 2018»  
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
XIII Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS  
of the XIII International Scientific Conference  
for students and young scholars  
«Science and education - 2018»**

**2018 жыл 12 сәуір**

**Астана**

**УДК 378**

**ББК 74.58**

**Ғ 96**

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

**ISBN 978-9965-31-997-6**

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2018

Мемлекет деңгейіндегі кәсіпорынның экономикалық дағдарысқа қарсы басқаруды қамтамасыз ету тетіктеріне: монополияға қарсы баға саясаты, салықтық реттеу, өнім және қызмет сапасын мемлекеттік реттеу, импортты алмастырудың және отандық кәсіпкерлікті қолдаудың мемлекеттік саясаты, мемлекеттік инвестициялық саясат, кәсіпорындарды оналту және санация жатса, кәсіпорын деңгейіндегі тетіктеріне: шығындарды басқару, өнім сапасын және бәсекеқабілеттілікті басқару, өндірістік әлеуетін онтайландыру, еңбек ресурстары мотивациясы, контроллинг, кәсіпкерлік белсенділікті ынталандыру, маркетинг және логистика, инвестицияларды және инновацияларды басқару, бизнес реинжиниринг жатады.

Кәсіпорынның экономикалық дағдарысқа қарсы басқаруды қамтамасыз ету - кәсіпорынның күнделікті өмірінде қолданылып, стратегиялық сипат алатын, менеджменттің бар мүмкін болатын әлеуетін кешенді, жүйелік негізде қолданып, уақытша қиыншылықтырды жеңетін және нарықтағы өз орындарын бекітіп, ары қарай дамытуға арналған дағдарысқа қарсы басқару іс-шараларының жиынтығы ретінде көрсете отырып, дағдарысқа қарсы басқару кәсіпорынның экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз етудің негізі деген тұжырымға келдім[1].

Экономикалық қауіпсіздік пен дағдарысқа қарсы басқаруды мемлекеттік реттеу мүмкін болатын экономикалық қатерлерді талдау арқылы дағдарысқа қарсы шараларды жоспарлау жолымен қабылданған шаралардың орындалуын бақылап, экономикалық дағдарысқа қарсы басқару жүйесінің тиімділігін талдау мәселелерін анықтайды. «Дағдарыстар қайталанатын болады, ал біздің мақсат оны басқаруды үйрену. Әзірге бізде бұл орындалуда» - деп елбасымыз айтпақшы, қазақстандық дағдарысқа қарсы басқару менеджменті басқа елдерге үлгі болары анық. Дағдарысқа қарсы төтеп беру - экономикалық қауіпсіздігіміздің бірден-бір кепілі!

Қолданылған әдебиеттер:

1. Балдин К.В., Белугина В.В., Галдицкая С.Н., Передеряев И.И. Банкротство предприятия. Анализ, учет, прогнозирование. - М.: Дашков и Ко, 2007.
2. Жарковская Е.П., Бродский Б.Е. Антикризисное управление. – М.: Омега-Л, 2006.
3. Зуб А.Т., Панина Е.М. Антикризисное управление организацией. – М.: Инфра-М, 2007.
4. Бирюкова О.Ю. Приемы антикризисного менеджмента. – М.: Дашков и К, 2011

ӘОЖ 658.5.011

## **«БИЗНЕСТІҢ ЖОЛ КАРТАСЫ-2020» БИЗНЕСТІ ҚОЛДАУ МЕН ДАМУДЫҢ БІРЫҢҒАЙ БАҒДАРЛАМАСЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ**

**Оспанов Шарипжан Шадиярович**

*sharipzhan.ospanov@nu.edu.kz*

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ менеджмент кафедрасы менеджмент мамандығының магистранты, Астана, Қазақстан  
Ғылыми жетекшісі – Е.К. Барлыков

Өңірлік кәсіпкерліктің орнықты және теңгерімді өсуін қамтамасыз ету, сондай-ақ бар жұмыс орындарын сақтау және тұрақты жұмыс істейтін жаңа жұмыс орындарын құру Бірыңғай бағдарламаның мақсаты болады.

Бірыңғай бағдарламаны іске асыру үшін 2016 жылы республикалық бюджеттен 56 742,9 млн. теңге бөлінді, оның ішінде: Қазақстан Республикасының Ұлттық қорының нысаналы трансферттер есебінен – 14565,0 млн. теңге. Жыл қорытындылары бойынша бөлінген қаражаттан барлығы 56 632,0 млн. теңге немесе 99,8 % игерілді.[1]

Бірыңғай бағдарлама төрт бағыт бойынша жүзеге асырылады.

1. «Моноқалалар, шағын қалалар мен ауылдық елді мекендер кәсіпкерлерінің жаңа бизнес-бастамаларын қолдау» бірінші бағыты бойынша шағын және орта кәсіпкерлік

субъектілерінің 1 224 жобасы кредит қоржынының 89,42 млрд.теңге жалпы сомасына 19 % номиналды мөлшерлемесімен, оның ішінде 10 % -ы мемлекет арқылы субсидияланатын, ал айырмасын кәсіпкер төлейтін пайыздық мөлшерлемесін субсидиялау құралы бойынша қаржылай қолдауға ие болды. Бірыңғай бағдарламаның қаржылық агенті «Даму» АҚ» КДҚ 6,6 млрд.теңге субсидия төледі.

Кәсіпкерлердің қарыздарын ішінара кепілдендіру құралы бойынша кредит қоржынының 5,6 млрд. теңге сомасына Қаржы агенттігінің кепілдігімен 12,4 млрд.теңге сомасында шағын және орта бизнес субъектілерінің 562 жобасы қолдауға ие болды.

Бірыңғай бағдарлама шеңберінде монокалалардағы шағын қалалардағы және ауылдық елді мекендердегі кәсіпкерлерді микрокредиттеуге 2 647,3 млн.теңге бөлінді, орташа құны 5 млн.теңгені құрайтын 535-дан аса кредит берілді.

2. «Экономиканың басым секторларында және өңдеуші өнеркәсіп салаларында қызметті жүзеге асыратын кәсіпкерлерді салалық қолдау» екінші бағыты бойынша шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің 879 жобасы кредит қоржынының 219,9 млрд.теңге жалпы сомасына 19 % номиналды мөлшерлемесімен 7 % -ы мемлекет арқылы субсидияланатын, ал айырмасын кәсіпкер төлейтін пайыздық мөлшерлемесін субсидиялау құралы бойынша қаржылай қолдауға ие болды. Бірыңғай бағдарламаның қаржылық агенті «Даму» АҚ» КДҚ 23,1 млрд.теңге субсидия төледі.

Кәсіпкерлердің қарыздарын ішінара кепілдендіру құралы бойынша 6,4 млрд. теңге сомасына Қаржы агенттігінің кепілдігімен кредит қоржынының 14,4 млрд.теңге сомасына шағын және орта бизнес субъектілерінің 388 жобасы қолдауға ие болды.

Кәсіпкерлердің 36 жобасына жеткіліксіз инфрақұрылымды тартуға 16 098,3 млн.теңге, оның ішінде республикалық бюджеттен-1 533,3 млн.теңге, Ұлттық қор қаражатынан - 14 565,0 млн.теңге бөлінді. Жергілікті атқарушы органдар 14 601,6 млн.теңге немесе 90,7 % (РБ –дан 1 474,2 млн. теңге немесе 96,1 %, ҰҚ-дан 13 127,5 млн.теңгені немесе 90,1 %) игерілді.

3. «Кәсіпкерлердің валюталық тәуекелдерін төмендету» үшінші бағыты бойынша валюталық түсім алатын 18 кәсіпкерлер кредит қоржынының 22,6 млрд.теңге жалпы сомасын 19 % номиналды мөлшерлемесімен 6 % -ы мемлекет арқылы субсидияланатын, ал айырмасын кәсіпкер төлейтін сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау құралы бойынша мемлекеттік қолдауға ие болды.

Тұрақтандыру және дағдарысқа қарсы бағдарламалар шеңберінде «Даму» АҚ» КДҚ 2,2 млрд.теңге субсидия төленді.

4. «Кәсіпкерлікті қолдаудың қаржылай емес шаралары» төртінші бағыты бойынша республикалық бюджеттен 3 784,7 млн.теңге бөлінді, Министрлік 3 716,3 млн. теңгені немесе 98,2 %-ын игерді.[2]

Аталған бағыт бизнесті жүргізу негіздеріне оқыту және әлуетті жаңа ісін бастаған кәсіпкерлерді консультациялық сүйемелдеу бойынша жобалар кешені қамтиды. 2016 жылы 19 146 жаңа және жұмыс істеп жатқан кәсіпкерлер кәсіпкерлік негіздеріне оқытудан өтті, оның ішінде «Бизнес-Кеңесші», «Бизнес-Өсу», «Жобалық оқыту» бизнес-тренингтерінен 16 661 тыңдаушы өтті, «Жас кәсіпкерлер мектебі» жобасы бойынша 1 515 адам оқытылды, «Назарбаев Университеті» ДБҰ базасында ШОБ топ-менеджментке оқытуына 421 кәсіпорын басшылары қатысты, «Іскерлік байланыстар» жобасы бойынша 549 адам оқытылды, Германияның бейінді кәсіпорындарында 48 адам тағылымдамадан өтті. Кәсіпкерлерді қолдау орталықтарында бизнесті қолдаудың бағдарламалары бойынша 201 мыңнан аса консультациялар, 105 236 клиентке бизнесті мемлекеттік қолдау бағдарламалары бойынша қызмет көрсетілді. Бірыңғай бағдарлама бойынша аталған мемлекеттік барлық қолдау шаралары 2016 жылы 47 мыңға жуық жұмыс орындарын құруға және сақтап қалуға мүмкіндік берді, бюджетке 157,0 млрд.теңге мөлшерінде салық базасының ұлғаюын және 2,6 трлн.теңге сомасына кәсіпкерлік субъектілерінің өнімін ұлғайтуға қамтамасыз ету мүмкіндігін берді.

Мақсатқа қол жеткізуді өлшеу үшін 4 нысаналы индикатор көзделген:

2020 жылға қарай:

1. *«ЖІӨ-нің құрылымындағы өңдеуші өнеркәсіптің үлесін кемінде 12,5 %-ға жеткізу»* 2016 жылға арналған осы көрсеткіш бойынша статистикалық деректерді Статистика комитеті 2017 жылдың екінші жарты жылдығында жариялады. (Анықтама ретінде: 2016 жылдың 9 ай бойынша ЖІӨ-нің құрылымындағы өңдеуші өнеркәсіптің үлесі кемінде 10,9 % құрады).

2. *«ШОК-тің өнім шығару көлемін 2014 жылғы деңгейден 1,5 есеге ұлғайту».*

2016 жылға арналған осы көрсеткіші бойынша статистикалық деректерді Статистика комитеті 2017 жылдың екінші жарты жылдығында жариялады. (Анықтама ретінде: 2016 жылғы қаңтар-қыркүйекте (11 218,3 млрд. тенге) 2014 жылғы қаңтар-қыркүйекпен (10 132,4 млрд. тенге) салыстырғанда өнім шығару 10,7 % -ға азайды).

3. *«Белсенді жұмыс істейтін ШОК субъектілерін 2014 жылғы деңгейден 50%-ға ұлғайту».*

Статистика комитеті халықаралық практикаға сәйкес, ШОК субъектілерінің саны туралы көрсеткіштерді қалыптастыруға бірыңғай тәсілдерді қолдану мақсатында және Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті деректерімен айырмашылықты алып тастау үшін 2015 жылдың басынын бастап ресми сайтта «активті» көрсеткіштің орнына «жұмыс істеп тұрған» ШОК субъектілер санын жариялады. 2017 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша жұмыс істеп тұрған кәсіпкерлер саны 1 185 163, ал 2014 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 865 182 құрады, ұлттық валюта бағамының тұрақсыз банкроттық компаниялар үлкен саны байланысты 2015 жылғы ұқсас кезеңмен салыстырғанда 61 815 бірлікке артық.

4. *«ШОК-та жұмыс істейтіндердің санын 2014 жылғы деңгейден 50%-ға ұлғайту»*

2016 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша ШОК жұмыс істейтін субъектілерінің саны 3 187 844 құрады, 2014 жылғы ұқсас кезеңмен салыстырғанда 1 244 488 бірлікке артық.[3]

*Салалық бағдарламаны іске асыру барысына әсер еткен факторларды талдау:*

Есепті кезеңде Бірыңғай бағдарламаны іске асыру барысына теріс әсер еткен факторлар байқалған жоқ.

*Есепті кезеңге қаржыландыру көздері бөлінісінде іс-шараларды орындауға бөлінген және игерілмеген бюджеттік және басқа қаражаттары туралы ақпарат:*

«2016 - 2018 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасының Заңында 2016 қаржылық жылы 56 742,9 млн. теңге көзделген және бөлінген, оның ішінде: 35 745,9 млн. теңге – республикалық бюджеттен нысаналы трансферттер есебінен, 14 565,0 млн. теңге - Ұлттық қордан нысаналы трансферттер есебінен, 2 647,3 млн. теңге – бюджет кредиттері есебінен және 3 784,7 млн. теңге республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің іске асыратын іс-шараларына арналған. Бөлінген қаражаттан игерілген сома 55 120,5 млн. теңгені (97,1%) құрады, 1 622,4 млн. теңге игерілген жоқ.[4]

Игерілмеу Ұлттық қор қаражаты есебінен 1 452,5 млн. теңге мөлшерінде қалыптасты, республикалық бюджет қаражаты есебінен инженерлік инфрақұрылымды тартуға жергілікті атқарушы органдарға бөлінген 59,0 млн. теңге, сондай-ақ МҚҰ-нан Бірыңғай бағдарламаға қатысу үшін өтінім түспегендіктен микроқаржы ұйымдарының кредиттерін кепілдендіруге «Даму» КДҚ» АҚ аудару мүмкін болмаған себебі бойынша 42,5 млн.теңге, кәсіпкерлерді ақпараттық қамтамасыз ету бойынша консультанттар қызметіне ақы төлеу бойынша 68,4 млн. теңге үнемдеуге байланысты 110,9 млн. теңге игерілмеген.[4]

Бюджеттік бағдарламалар бөлінісінде осы қаражат мынадай:

017 «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау және санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы, кәсіпкерлік, тұрғын үй шаруашылығы саласындағы кадрлардың біліктілігін арттыру және оларды қайта даярлау» - 163,8 млн.теңге 100 % игерілді;

048 «Облыстық бюджеттерге моноқалаларда, кіші қалаларда және ауылдық елді мекендерде кәсіпкерлікті дамытуға жәрдемдесуге кредит беру» - 2 647,3 млн теңге 100 % игерілді;

087 «Бизнестің жол картасы-2020» бизнесті қолдау мен дамытудың бірыңғай бағдарламасы шеңберінде іс-шараларды іске асыру»:

100 «Кәсіпкерлік әлеуетін сауықтыру және күшейту» - 2 320,9 млн.теңге 100 % игерілді;

101 «Оператор мен қаржылық агент көрсететін қызметтерге ақы төлеу» - 720,0 млн.теңге Министрлікпен 100 % игерілген;

102 «Кәсіпкерлерді ақпараттық қамтамасыз ету» - 580,0 млн.теңге, үнемдеуге байланысты 88,2 % игерілді;

104 «Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне өңірлерде жеке кәсіпкерлікті қолдау үшін берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер» - 33 927,6 млн.теңге 100 % игерілді;

105 «Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне индустриялық инфрақұрылымды дамытуға берілетін нысаналы даму трансферттері» - 1 533,3 млн.теңге, 96,1 % игерілді;

106 «Ауылдық елді мекендердің, шағын қалалар мен моноқалалардың кәсіпкерлер субъектілерін қаржыландыруға қол жетімділікті арттыру» - 285,0 млн.теңге, микроқаржы ұйымдарының кредиттерді кепілдендіруге «Даму» ҚДҚ» АҚ аудару мүмкін болмаған себебі бойынша 85,1 % игерілді, МҚҰ-нан Бірыңғай бағдарламаға қатысу үшін өтінім түспегендіктен микроқаржы ұйымдарының кредиттерін кепілдендіруге «Даму»ҚДҚ» АҚ аудару мүмкін болмаған себебі бойынша 42,5 млн.теңге, кәсіпкерлерді ақпараттық қамтамасыз ету бойынша консультанттар қызметіне ақы төлеу бойынша үнемдеуге байланысты 95,5 млн. теңге игерілмеген.

107 «Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне индустриялық инфрақұрылымды дамытуға Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан бөлінетін нысаналы трансферт есебінен берілетін нысаналы даму трансферттері» - 14 565,1 млн.теңге, 90 % игерілді.[3]

ҚР ҰЭМ –нің бекітілген қаржыландыру жоспарына сәйкес жергілікті атқарушы органдарға Ұлттық қордан 14 565,1 млн. теңге аударылды, жедел деректер бойынша одан 13 112,5 млн. теңге (90 %) игерілді. «Бизнестің жол картасы - 2020» шеңберінде инженерлік инфрақұрылымды тартуға Ұлттық қордан 1 452,5 млн. теңге игерілген жоқ.[1]

Оның ішінде:

–Ақмола облысы бойынша – 865,8 млн. теңге (игерілмеу себебі – өткізілген конкурстық рәсімдер нәтижелері бойынша үнемдеу, орындалған жұмыстар актілерін ұсынбау, жоба бойынша міндеттемелер қабылданбаған);

–Ақтөбе облысы бойынша– 21,3 млн. теңге (игерілмеу себебі – өткізілген конкурстық рәсімдер нәтижелері бойынша үнемдеу);

– Алматы облысы бойынша – 3,6 млн. теңге (игерілмеу себебі – өткізілген конкурстық рәсімдер нәтижелері бойынша үнемдеу);

– Шығыс Қазақстан облысы бойынша – 67,4 млн. теңге (игерілмеу себебі – орындалған жұмыстар актілерін ұсынбау);

– Жамбыл облысы бойынша – 0,6 млн. теңге (игерілмеу себебі – өткізілген конкурстық рәсімдер нәтижелері бойынша үнемдеу);

– Қызылорда облысы бойынша – 42,1 млн. теңге (игерілмеу себебі – өткізілген конкурстық рәсімдер нәтижелері бойынша үнемдеу);

– Павлодар облысы бойынша – 53,4 млн. теңге (игерілмеу себебі – өткізілген конкурстық рәсімдер нәтижелері бойынша үнемдеу);

– Алматы қаласы бойынша– 1,4 млн. теңге (игерілмеу себебі – өткізілген конкурстық рәсімдер нәтижелері бойынша үнемдеу).[1]

5) *Жүргізілген бақылау іс-шаралары туралы мәліметтер:*

2016 жылға мемлекеттік аудит объектілері тізбесіне сәйкес Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті «Бизнестің жол картасы-2020» бағдарламасының іске асырылуына мемлекеттік аудит жүргізілді. Жүргізілген мемлекеттік аудиттің нәтижелері бойынша «Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі» ММ анықталған бұзушылықтар бойынша Есеп комитеті 2016 жылғы 11 қарашадағы № 17-1-Н нұсқама берді.[4]

Бұзушылықтарды жою жөніндегі шараларды қабылдау мақсатында Министрлік іс-шаралар жоспарын бекітті, онда жоспарлы көрсеткіштерге жеткізуді қамтамасыз ету, Бірыңғай бағдарлама құралдарын жетілдіру, шығыстарды жоспарлау тиімділігін арттыру, мүдделі мемлекеттік органдармен және ұйымдармен өзара іс-қимылдың тиімді тетігін құру, Министрліктің құрылымдық бөлімшелерінің жауапкершік шараларының аражігін арттыру шаралары көзделген.

Анықтама ретінде: Ақмола облысы – 1 263,5 млн. теңге (31,5 % игерілді), Ақтөбе облысы – 1 914,9 млн. теңге (99 % игерілді), Алматы облысы – 2 794,6 млн. теңге (99,9 % игерілді), Атырау облысы – 692,8 млн. теңге (100 % игерілді) Шығыс Қазақстан облысы – 1 191,6 млн. теңге (94,3 % игерілді), Жамбыл облысы – 400,0 млн. теңге (99,8 % игерілді), Қарағанды облысы – 465,1 млн. теңге (91 % игерілді), Қызылорда облысы – 2 090,4 млн. теңге (98,0 % игерілді), Павлодар облысы – 1 012,9 млн. теңге (94,7 % игерілді), Оңтүстік Қазақстан облысы – 699,1 млн. теңге (100 % игерілді), Алматы қаласы– 350,4 млн. теңге (99,6 % игерілді).[3]

Тұжырымдар мен ұсыныстар:Қазақстандағы және оның өңірлеріндегі кәсіпкерлікті кешенді қолдаудың маңызды құралдарының бірі «Бизнестің жол картасы 2020» «Жаңа онжылдық-Жаңа экономикалық өсім-Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері» Қазақстан халқына Жолдауы мен Қазақстанның 2020 жылға дейінгі стратегиялық даму жоспарын іске асыру мақсатында әзірленген Бағдарламасы болып табылады, ал «Бизнестің жол картасы 2020» бағдарламасының іске асырылуының табысты тәжірибесін бағалай отырып, Үкімет оның негізінде Бірыңғай бағдарламаны іске қосу туралы шешім қабылдады, оның іске асырылуы өңірлік жеке кәсіпкерлікті және бәсекеге қабілеттілікті дамытуға бағытталған.

Сонымен, Бағдарлама қатысушылары 2016 жылғы 156,9 млрд.теңге сомасына салық төледі, 2 615,8 млрд.теңге сомасына өнім өндірді, 47,5 мың жұмыс орны сақталды және құрылды. Төленген салық көлемі төленген субсидия көлемінен асып түсті, бұл қаржының мемлекеттік бюджетке қайтарымдылығының жоғарғы коэффициентін білдіреді.

Төленген салық көлемі берілген субсидия көлемінен үш есе жоғары, бұл қаражаттың мемлекеттік бюджетке қайтарымдылығының жоғарғы коэффициентін білдіреді.

### **Қолданылған әдебиеттер тізімі:**

1. <http://economy.gov.kz/>
2. <https://www.damu.kz/>
3. <http://stat.gov.kz>
- 4.«2016 - 2018 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасының Заңы